

# МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

## Мақала туралы мәлімет

|                       |   |
|-----------------------|---|
| Конференция атауы     | «Жастар және ғылым: бүгін мен болашағы» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы   |
| Сборник               | «Молодежь и наука: настоящее и будущее». Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых                                      |
| Conference            | The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «Youth and Science: Present and Future»            |
| Өткізілген күні       | 7 сәуір 2025, Атырау  |
| ISBN                  | 978-601-262-587-5   |
| Жинақтағы жариялану № | 113   |
| Жинақтағы беттері     | 532-535   |
| ӘОЖ/УДК/UDC           | ӘОЖ 343.101:343.234   |
| Секция                | Секция IV. II Адам құқығын қорғау – құқықтық және әділ мемлекет құрудың кепілі/ / Защита прав человека – залог создания правового и справедливого государства |
| Автор(лар)            | Нұрғабылова Мадина Бауыржанқызы   |
| Мәртебесі             | Студент   |
| Ғылыми жетекші        | Ғылыми жетекшісі, з.ғ.м., сеньор-лектор Тажгарина Б.Қ.  |
| Мақала атауы          | АЙЫПТАУДАН АҚТАУҒА ДЕЙІНГІ ЖОЛ  |

Ескерту: бұл бет сайтқа орналастыру және мақала PDF-ін сәйкестендіру үшін қосылды. Төменде жинақтағы мақаланың түпнұсқа беттері берілген.

13. «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы N 31 Заңы.
14. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Заңы
15. [visionofhumanity.org](http://visionofhumanity.org)
16. ҚР Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің ресми сайты [www.knb.kz](http://www.knb.kz)
17. <https://youtu.be/3ntj4u3t1s0?si=TZP-OqbM5k7tnMz5>
18. <https://youtu.be/ZaKZh5XfGto?si=hoMg9hgMpSFJirL>  
<https://youtu.be/VPba50rAkMY?si=ojrsG0b0SIO5mH->

**ӘОЖ 343.101:343.234**

## **АЙЫПТАУДАН АҚТАУҒА ДЕЙІНГІ ЖОЛ**

**Нұрғабылова Мадина Бауыржанқызы**

[Nurgabylovamadina9@gmail.com](mailto:Nurgabylovamadina9@gmail.com)

«Құқық қорғау қызметі» ББ 3 курс студенті

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі, з.ғ.м., сеньор-лектор Тажгарина Б.Қ.

Құқықтық мемлекеттің ең маңызды қағидаларының бірі – адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау және қорғау. Әділетті сот төрелігі – осы қағиданы жүзеге асырудың ең басты тетігі. Қылмыстық процесте айып тағу мен ақтау – азаматтың тағдырына тікелей әсер ететін күрделі құқықтық және моральдық процесстер. Айыптау – мемлекеттің тұлғаға қылмыстық жауапкершілік жүктеуі, ал ақтау – сол жауапкершілікті жоққа шығару арқылы азаматтың құқықтарын қалпына келтіру әрекеті. Қазіргі таңда Қазақстанда әділетті сот жүйесін құру жолында маңызды реформалар жүргізілуде. Алайда, бұл процестің тиімді жүзеге асуы соттың бейтараптығы мен тәуелсіздігіне, тергеу сапасына және азаматтардың құқықтық қорғалу деңгейіне байланысты. Айыптаудан ақтауға дейінгі жол – бұл тек процессуалдық қозғалыс қана емес, ол қоғамның құқықтық мәдениетінің, мемлекетке деген сенімнің көрсеткіші.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 19-бабында кінәсіздік презумпциясы нақты көрсетілген. Адам оның кінәсі заңмен белгіленген тәртіппен дәлелденгенге дейін кінәсіз деп танылады [1]. Бұл қағида халықаралық құқықта да кеңінен мойындалған. Айыптау процесі – қылмыстық істің қозғалуынан бастап, тергеу және соттағы талқылау сатысын қамтитын кешенді әрекеттер жиынтығы. Бұл процесте тұлғаға айып тағылып, оны негіздейтін дәлелдер жинақталады. Бұл жерде тергеу органдарының кәсібилігі, заңдылықты сақтауы және бейтараптығы ерекше маңызды. Ақтау үкімі – азаматтың кінәсіздігін заңды түрде тану. Бұл – айып тағу процесінің әділетсіздігінен немесе дәлелдердің жеткіліксіздігінен туындайтын қажеттілік. Ақтау арқылы адам тек заң алдындағы мәртебесін ғана емес, әлеуметтік және моральдық беделін де қайта қалпына келтіреді. Қазақстанда бұл үкімдердің үлесі өте төмен – 0,1% шамасында ғана [2]. Дамыған елдерде ақтау үкімдерінің пайызы жоғары. Бұл елдерде соттың тәуелсіздігі, тергеудің сапасы және айыптау- қорғау тараптарының теңдігі қамтамасыз етілген. АҚШ-тағы Innocence Project қате айыпталған адамдарды ақтауға бағытталған. Бұл ұйымның көмегімен ДНҚ сараптамалары арқылы ондаған кінәсіз азамат түрмеден босатылды [3]. Бұл ұйымның құрылуына себеп — құқық қорғау жүйесінде орын алатын қателіктер мен әділетсіздіктер, сондай-ақ дәлелдердің сапасыз сарапталуы мен куәгерлердің жалған айғақтары болды. Innocence Project жұмысы — тек заңды көмектен ғана тұрмайды. Ол ғылыми әдістерді, сот медицинасының құралдарын және тәуелсіз сараптамаларды қолдану арқылы істің мән-жайын қайта қарауға көмектеседі. Әсіресе, ДНҚ сараптамасы ұйым қызметінің басты өзегі саналады. Көптеген жағдайларда бұл

технологияның көмегімен ондаған жылдар бойы түрмеде отырған азаматтардың кінәсіз екендігі дәлелденді. Мысалы, 1980 жылдары айыпталған бірнеше азаматтың істері 2000 жылдары қайта қаралып, сол кездегі ғылыми жетістіктер нәтижесінде олардың қылмысқа қатысы болмағаны анықталды. Мұндай жағдайлар АҚШ құқықтық жүйесіне үлкен әсер етті және айыптау мен ақтау процестеріндегі ғылыми дәлдіктің маңызын арттырды. 2023 жылғы дерек бойынша, Innocence Project ұйымының көмегімен бүкіл ел бойынша 375-тен астам адам ақталған, оның ішінде 20-дан астамы бастапқыда өлім жазасына кесілген болатын. Бұл — тек ұйым жетістігі емес, сонымен қатар әділет жүйесінің қателіктерін мойындаудың және оларды түзетудің көрінісі

Канадада айыптау мен қорғау тараптарының процеске тең қатысуы қамтамасыз етілген. Алқабилердің шешімі сотқа ықпал етеді, бұл – бейтараптықтың негізгі кепілі [4]. Еуропалық адам құқықтары соты (ЕCHR) өз шешімдерінде жиі әділетті сот процесіне сілтеме жасайды [5]. Канаданың ерекшелігі — алқабилер институтының белсенді жұмыс істеуі. Кейбір ауыр қылмыстар бойынша шешім қабылдауға тек кәсіби судья ғана емес, қатардағы азаматтардан құралған алқабилер де қатысады. Бұл сот шешімінің қоғамдық бақылауда болуын қамтамасыз етеді және әділетсіздікке жол бермеуге сеп болады [6]. Айыпталушыны қорғау — Канада заңнамасында ерекше мән берілетін бағыт. Адвокаттар процесте айыптаушы тараппен тең құқыққа ие, олар дәлелдер ұсынуға, тергеу әрекеттеріне қатысуға және айыптаудың заңдылығына күмән келтіруге толық құқылы. Мұндай құқықтық теңдік сот әділеттілігінің негізгі тірегі болып табылады. Канадада құқық қорғау органдары мен прокуратура қоғамдық мүддені қорғауға бағытталған. Олар қылмыстық жауапкершілікке тартудың емес, шындықты анықтаудың мүддесінде жұмыс істеуі тиіс. Сондықтан кейбір жағдайларда прокурорлар өздері де істі тоқтатуға бастама көтере алады, егер дәлелдер жеткіліксіз болса немесе азаматтың кінәсіздігі анықталса. Қате айыптау жағдайларында Канадада ақтауға, өтемақы төлеуге және беделді қалпына келтіруге ерекше мән беріледі. Мемлекет тарапынан моральдық және материалдық өтемақы қарастырылған. Бұл әділеттіліктің қалпына келуінің маңызды факторы болып табылады [7].

Германияда сот жүйесі толық дербестікке ие. Судьялар өз шешімдерін тек заң мен дәлелдерге сүйеніп қабылдайды. Бұл елде соттар ғылыми сараптамалар мен нақты дәлелдерге ерекше мән береді [8]. Жапонияда керісінше, ақтау үкімдері өте сирек кездеседі – шамамен 0,2%. Бұл феноменнің бірнеше себебі бар. Ең алдымен, құқық қорғау органдары мен прокуратура жүйесі өте ықпалды. Прокурорлар істерді сотқа жеткізуден бұрын бірнеше кезеңде мұқият сараптап, тек жеңіске сенімді болған жағдайларда ғана іс қозғайды. Бұл тәсіл тиімділікті арттырғанымен, сотқа жеткен істерде айыптау бағытының басымдығын тудырады. Екіншіден, Жапонияда күдіктілерге мойындату арқылы айып тағу кең таралған тәжірибе. Күдікті ұсталған сәттен бастап 23 күнге дейін адвокатсыз тергелуі мүмкін және осы уақыт аралығында психологиялық қысым арқылы мойындау алуға тырысу жағдайлары тіркелген. Мұндай жүйе кейбір сарапшылар тарапынан “мойындатуға негізделген әділет жүйесі” деп сипатталады [9]. Үшіншіден, алқабилер жүйесі тек шектеулі істерде ғана қолданылады, ал көп жағдайда шешім кәсіби судьямен қабылданады. Судьялар көбіне прокуратура тарапынан ұсынылған дәлелдерге арқа сүйеп, айыптауға бейім шешім қабылдайды. Бұл өз кезегінде ақтау мүмкіндігін төмендетеді. Төртіншіден, қателіктерді мойындау мәдениетінің әлсіздігі де себептердің бірі. Жапония соттары бұрынғы шешімдерін қайта қарауға бейтарап қарамайды және жаңа дәлелдер шыққан жағдайда да, ақтау шығаруға құлықсыздық танытады. Бұл – жүйенің икемсіздігін және өз қатесін мойындаудан тартынатын механизмдерін көрсетеді. Халықаралық құқық қорғау ұйымдары, соның ішінде Human Rights Watch пен Amnesty International, Жапониядағы қылмыстық әділет жүйесін реформалауға шақырып келеді. Олар тергеу кезінде күдіктінің құқықтарын сақтау, адвокаттың қатысуын қамтамасыз ету және бейнежазба жүргізуді міндеттеу қажеттілігін баса көрсетеді. Жапониядағы бұл жағдайдан Қазақстан секілді елдер үшін маңызды қорытынды шығаруға болады. Яғни, құқықтық тәртіп пен жүйенің тиімділігі әділеттілік есебінен болмауы тиіс. Айыптау мен ақтау арасындағы тепе-теңдік, кінәсіздік презумпциясын сақтау және соттың шынайы тәуелсіздігі – құқықтық

мемлекеттің басты ұстанымдары болуы қажет.

Қазақстанда қылмыстық процестің әділеттілігі жиі сынға ұшырайды. Соттар көп жағдайда айыптау тарабының дәлелдерін ғана негізге алады. Судьялардың тәуелсіздігі шектеулі, ал прокурорлардың рөлі шамадан тыс артық. Бұл жағдайда ақтау мүмкіндігі азаяды. Бұдан бөлек, тергеу органдарының кейбір өкілдері дәлелдерді бұрмалау, күдіктілерге қысым көрсету, адвокаттардың қатысуына кедергі келтіру сияқты әрекеттерге баратыны туралы деректер кездеседі. Бұл құқықтық мемлекет қағидасына қайшы келеді. Соңғы жылдары жасанды интеллект (AI) құқық саласында кеңінен қолданылып келеді. Predictive Analytics жүйелері соттарға ұқсас істер бойынша шешімдер нұсқасын ұсынады [10]. Бұл – сот шешімінің бейтараптығын қамтамасыз етуге бағытталған жаңа технологиялық құрал.

Қытайда «Смарт сот» жүйесі іске қосылған. Онда қарапайым істер бойынша шешімдерді AI өзі қабылдай алады. Жүйе адамның қатысуын қажет етпейтін әкімшілік істерді автоматты түрде шешіп, уақытты үнемдеуге септігін тигізеді [11]. Қазақстанда «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында e-Sot, e-Qurylys, e-Notary платформалары енгізілді. Бағдарлама аясында енгізілген e-Sot жүйесі — сот процестерін электронды форматта жүргізуге арналған ақпараттық платформа. Бұл жүйе сот ісін қашықтан қарауға, электронды түрде арыз, өтініш, шағым тапсыруға, тараптардың өзара онлайн байланысын орнатуға мүмкіндік береді. Сот процестері кезінде тараптар өздерінің кабинетіне кіріп, іс құжаттарын жүктей алады, отырыстарға видеобайланыс арқылы қатысу мүмкіндігі бар. Бұл — уақыт пен ресурсты үнемдейтін, азаматтардың сотқа қатысуын жеңілдететін маңызды жаңалық. e-Qurylys – құрылыс саласында пайдаланылатын цифрлық платформа болғанымен, заң үстемдігі қағидатын іске асыруға жанама түрде ықпал етеді. Бұл жүйе арқылы мемлекеттік құрылыс процестері, жобаларды тіркеу, келісім беру, рұқсат алу рәсімдері ашық жүргізіледі. Бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелін азайтып, заңдылықты нығайтуға әсер етеді. e-Notary – нотариаттық әрекеттерді электронды форматта жүргізуге мүмкіндік беретін жүйе. Азаматтар осы жүйе арқылы қашықтан сенімхат рәсімдей алады, келісімшарттар бекітеді, мұрагерлік құқықтарды тіркейді. Бұл — азаматтардың құқықтық қатынастарға кіруін жеңілдетіп, нотариустар мен құқықтық қызметтерге деген сенімді арттыратын маңызды құрал. Алайда, қазіргі қолданыстағы бұл платформалар тек процестің техникалық жағын цифрландырғанымен, шешім қабылдау функцияларын автоматтандыру деңгейіне әлі жеткен жоқ. Яғни, жасанды интеллект (AI) арқылы сот шешімдерін болжау, алгоритмге негізделген үкім шығару немесе дәлелдемелерді автоматты түрде сараптау мүмкіндігі қарастырылмаған. Болашақта бұл бағытта даму үшін ең басты шарт — бастапқы деректердің сапасын арттыру және жүйенің бейтараптығын қамтамасыз ету. Егер жүйеге енгізілетін сот істерінің деректері толық әрі сенімді болса, онда AI алгоритмдері нақты және әділетті шешім үлгілерін ұсына алады. Сонымен қатар, жасанды интеллектке негізделген жүйелердің заңдық күші мен адам құқықтарына әсер ету мүмкіндігі де заңмен нақты реттелуі тиіс. Цифрлық реформалар тек процестің жылдамдығын емес, оның әділеттілігін де қамтамасыз етуге бағытталуы керек. Қазақстан бұл салада дамуға толық әлеуетке ие. Бастысы – технологияны енгізуде адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын басты орынға қою және процестің ашықтығын сақтау. Бірақ AI шешім қабылдау деңгейіне жеткен жоқ. Осы бағытта дамуға толық мүмкіндік бар, бастысы – бастапқы деректердің сапасы мен жүйенің бейтараптығы қамтамасыз етілуі тиіс. AI сот процесінде қолданылса, адам эмоциясы мен субъективті ықпалдар азаяды. Бірақ алгоритмдік әділеттілік қағидалары сақталуы тиіс: деректер әділетті, жүйе ашық әрі бақыланатын болуы қажет.

Қазақстанда соңғы жылдары бірқатар заңнамалық өзгерістер қабылданды. Олардың ішінде сот төрелігін жетілдіру, прокурорлық қадағалауды күшейту және қорғау тарабының өкілеттіктерін кеңейту бар [12]. Бірақ қабылданған заңдар тек қағаз жүзінде емес, нақты практикада қолданылуы керек. Судьяларды тағайындау рәсімдерін демократияландыру, олардың дербестігін күшейту, азаматтық қоғамның рөлін арттыру қажет. Сонымен қатар:

- Тергеу органдарын тәуелсіз бақылау институтын құру;
- Адвокаттардың рөлін арттыру;

- Цифрлық құқықтық оқыту бағдарламаларын енгізу;
- AI көмегімен үкімдерді алдын ала болжау жүйелерін сынақтан өткізу ұсынылады.

Қорытындылай келе, айыптаудан ақтауға дейінгі жол – бұл тек қылмыстық процестің элементі емес, ол адам тағдырына әсер ететін, қоғамдағы сенім мен әділеттіліктің деңгейін айқындайтын күрделі құқықтық жүйе. Бұл процестің әділетті, бейтарап әрі заңға сәйкес жүруі – мемлекет пен азамат арасындағы өзара құрмет пен сенімнің кепілі. Қазақстанда бұл бағытта нақты жұмыстар атқарылып жатқанымен, қазіргі құқықтық жүйеде айыптаудың басымдылығы, ақтау үкімдерінің сиректігі, соттардың тәуелсіздігі мен тергеу сапасының төмендігі секілді бірқатар проблемалар бар екені белгілі. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, сот әділеттілігін қамтамасыз ету үшін тергеу мен сот барысында адамның конституциялық құқықтарын сақтау, дәлелдемелердің объективтілігі мен сенімділігін қамтамасыз ету және соттың бейтараптығын сақтау негізгі алғышарттар болып табылады. АҚШ-тағы Innocence Project секілді ұйымдар бұл бағытта нақты нәтижелер көрсетіп отыр. Бұл ұйымның жұмысы азаматтық қоғам мен ғылыми әдістердің синтезі арқылы қате сотталған адамдарды ақтауға мүмкіндік беретінін дәлелдеді. Мұндай тәжірибе Қазақстан үшін де аса құнды. Сонымен қатар, жасанды интеллект пен цифрлық технологиялар да қылмыстық процестің ашықтығын арттыруға, адам факторының ықпалын азайтуға және сот шешімдерінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Алайда бұл технологияларды енгізу кезінде адам құқығы мен еркіндігін сақтау қағидасы басты орында қалуы тиіс. Алгоритмдік әділеттілік пен ашықтықты қамтамасыз ету – болашақ сот жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі. Қазақстанда әділеттілікке негізделген құқықтық мемлекет құру үшін мынадай ұсыныстар өзекті: соттардың шынайы тәуелсіздігін қамтамасыз ету, прокурорлық қадағалау мен тергеу сапасын арттыру, адвокаттардың мәртебесін көтеру, құқықтық сауаттылықты жүйелі түрде дамыту және азаматтық бақылау тетіктерін кеңейту. Бұл қадамдар мемлекет пен азаматтар арасындағы құқықтық қарым-қатынасты жаңа сапалық деңгейге көтереді. Қорыта айтқанда, айыптаудан ақтауға дейінгі жол – бұл мемлекет дамуының, құқықтық мәдениеттің және демократиялық институттардың жетілуінің айнасы. Бұл жолдың әділетті және адам құқығына негізделген болуы – әрбір азамат үшін, қоғам мен мемлекеттің болашағы үшін маңызды. Қазақстан бұл жолда айтарлықтай ілгерілеуге қабілетті, бастысы – әділеттілік пен құқық үстемдігін нақты іспен дәлелдеу қажет.

### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. ҚР Қылмыстық-процестік кодексі – 2014 жылғы 4 шілде, № 231-V.
2. ҚР Бас прокуратурасының ресми статистикасы (2023).
3. Innocence Project (USA). Wrongful Convictions and Exonerations.
4. The Criminal Justice System in Canada (2022).
5. European Court of Human Rights. Case Law.
6. Strafprozessordnung – StPO (Германия ҚДЖК).
7. U.S. DOJ. Predictive Analytics in Justice (2021).
8. ҚР сот реформасы туралы заң жобасы (2022).
9. Салыстырмалы қылмыстық құқық: халықаралық тәжірибе (2021).
10. Human Rights Watch. Global Fair Trial Rights (2023).
11. Legal Tech Journal. Algorithmic Justice (2022).
12. Қытайдағы “Смарт сот” жүйесі туралы шолу (2021).